



ЖЕЛТОҚСАН

шұғыласы

№47 (8936)
жұма 2 желтоқсан
2022 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҰЛЫҚТАУ РӘСІМІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

**Құрметті Отандастар!
Ханымдар мен мырзалар!
Қадірлі қонақтар!**

Биыл халқымыз үшін айрықша маңызды жыл болды. Қазақстан дамудың жаңа дәуіріне қадам басты. Біз түбегейлі бетбұрысқа жол ашқан ауқымды өзгерістер жасадық. Конституциялық реформаны жүзеге асырдық. Мемлекетіміздің ең басты салаларын жан-жақты жаңғырттық. Соның арқасында халықтың болашаққа деген үміті артып, сенімі нығая түсті.

Мен аймақтарды аралап, тұрғындармен кездескенде бұған айқын көз жеткіздім. Сондай-ақ өткен референдум тың бастамаларды жұртымыздың жаппай қолдайтынын көрсетті. Халықтың дұрыс бағыттағы өзгеріске ұмтылысы жұмысқа зор серпін берді. Біз реформаларды соңына дейін міндетті түрде жеткізіміз қажет.

Конституцияның жаңа талабына сәйкес бұдан былай Президент жеті жылдық бір мерзімге ғана сайланады. Осылайша, саясаткерлердің



жаңа буыны билік басына келе бастайды. Мен осы шешімнің дұрыс болғанына кәміл сенемін.

Конституцияға сәйкес билік тармақтары түгел жаңғыртылады. Осындай жаңа саяси маусымды Пре-

зидент сайлауы бастап берді. Сайлау науқаны 3 айға жуық уақытқа созылды. Осы кезеңде еліміздің

болашағы туралы түрлі мазмұнды пікірталастар болды. Жұртымыз өз болашағына бей-жай қарамайтынын көрсетті. Азаматтық қоғамның кемел институтқа айналғаны айқын аңғарылды. Саяси алаңға жаңа тұлғалар шықты. Осылайша, халқымыз 20 қарашада өз таңдауын жасады.

Сайлау әділ әрі ашық өтті. Бұл – байқаушылардың, сарапшылар мен журналистердің берген бағасы. Елжұрттың белсенділігі ерекше жоғары болды. Кейбір азаматтар бүкіл отбасымен келіп, дауыс берді. Бұл науқан ел мүддесі үшін ұлт болып біріге алатынымызды көрсетті.

Бабаларымыз қай заманда да бірлігін бөрінен биік қойған. Біз ата жолын сақтай білген, заманауи және өркениетті ел екенімізді бүкіл дүние жүзіне паш еттік. Бірлігіміздің бекемдігін тағы да дәлелдей алдық.

2-бет

ҚАЗАҚСТАНДА ӨНІРЛЕРДЕГІ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ТОЛЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ АУДИТ ЖҮРГІЗІЛЕДІ



ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Екібастұз қаласын жылумен қамту мәселелері қаралды.

Павлодар облысының әкімі Әбілқайыр Сқақов төтенше жағдайдың хронологиясын ұсынып, қаладағы ағымдағы жағдай туралы айтып берді, сондай-ақ қазіргі уақытта жылумен қамтуды қалпына келтіру бойынша жөндеу жұмыстары жалғасып жатқанын атап өтті. Премьер-Министр апатқа себеп болған барлық мәселелерді тез арада шешу қажеттігін атап

өтті. Сонымен қатар Энергетика министрлігіне Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен бірлесіп, «Екібастұз жылу энергo» мекемесіндегі технологиялық ережелерді бұзуға қатысты тексеру жүргізуді тапсырды. «Қыс басталмай жатып, осындай төтенше жағдай орын алып отыр. Барлық әкімдер бұдан қорытынды шығаруы тиіс», — деді Әлихан Смайылов.

Одан бөлек, Премьер-Министр өңірлердегі энергетикалық объектілерге толықтай техникалық аудит және объектілердің меншік иелерімен жұмыс жүргізуді, сондай-ақ

«Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында коммуналдық кәсіпорындардан келіп түсетін ербір өтімді мұқият зерттеуді тапсырды.

«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының инфрақұрылымын жаңғыртуға және жөндеуге бөлінетін қаражаттың нақты, мақсатты жұмсалуды қатаң бақылауға алу керек. Жалпы әкімдер жылу беру маусымын тұрақты жеке бақылауда ұстауы керек», — деп түйіндеді Ә. Смайылов.

4-бет

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙДІҢ XVIII ӨНІРАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ФОРУМЫНА ҚАТЫСТЫ

Форумға облыстардың басшылары, салалық мемлекеттік органдар мен екі ел іскер топтарының өкілдері қатысты.

Президент бейнебайланыс режимінде өткен жиында барлық шектеуді алу және сауда саласында өзара тиімді жағдай жасау елдеріміздің сапалы экономикалық өсіміне жол ашатынын атап өтті.

— Өткен айда біз елдеріміз үшін атаулы дата — дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл толғанын атап өттік. Осы уақыт ішінде екі мемлекет достық пен тату көршілік қатынастарға негізделген өзара тиімді стратегиялық серіктестік

орната алды. Елдеріміз арасында сенімді және конструктивті диалог орнап, ынтымақтастықтың жоғары деңгейіне қол жеткізілді. Біз халықаралық ұйымдар мен интеграциялық бірлестіктер (БҰҰ, ТМД, ҰҚШҰ, ЕАЭО, ШЫҰ, ЕҚЫҰ және АӨСШК) аясында өзара белсенді әрекет етеміз. Бұл өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және бүкіл Еуразияның жаһандық саясат пен экономикадағы рөлін арттыруға елеулі үлес қосады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

3-бет

«Жетісу шұғыласы» газеті хабарлайды
2023 жылға жазылу науқанының
басталуы туралы!

Біздің ИНДЕКС:

Жеке – 65535 Заңды тұлға – 15535

Жазылым сомасы:

Жеке:

6 ай – 2 284,6 теңге жылы – 4 569,20 теңге

Нысан:

6 ай – 2947,6 теңге жыл – 5 895,2 теңге

БІЗГЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

**Жариялау кезіндегі жазылымдар
жеңілдіктер бар!**

Біздің электрондық пошта
мекенжайымыз: eskeldi_eli@mail.ru
Телефон нөмірі: 3-19-15

ҚАЗАҚСТАНДА ӨНІРЛЕРДЕГІ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ТОЛЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ АУДИТ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Басы 1-бетте



**АЛДАҒЫ ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАНДА
400-ГЕ ЖУЫҚ ЖАЙЛЫ
МЕКТЕП САЛЫНАДЫ**

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру мәселелері қаралды.

Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов Ұлттық жоба Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша мектеп инфрақұрылымын жаңғырту үшін әзірленгенін айтты. Оның аясында 842 мың оқушыға арналған жаңа форматтағы оқу орындарының ауқымды құрылысы көзделген.

Мәселен, жайлы мектептер қажетті оқу жабдықтарымен, түрлі пәндік кабинеттермен, бейнебақылау және дыбыстық хабарлау жүйелерімен, балаларға арналған жеке шкафтармен және т. б. толық жабдықталатын болады.

Мұндай мектептер ауылда да, қалада да бірыңғай стандарт бойынша салынатын болады. Оған қоса, онда ерекше білім қажеттіліктері бар балалар үшін жағдай жасалатын болады.

Сонымен қатар, министрдің айтуынша, жаңа мектептер үшін мұғалімдерді даярлау және біліктілік арттыру жұмыстары жалғасады. Жалпы 2026 жылға қарай 100 мыңға жуық маман дайындалады деп күтілуде.

Премьер-Министр «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы мектептердегі орын тапшылығын болдырмауға, апатты жағдайдағы және үш ауысымды мектептер мәселесін шешуге бағытталып отырғанын атап өтті. Сондай-ақ жаңа білім ордаларында пәндік кабинеттер, компьютерлік сыныптар, зертханалар мен шеберханалар болады.

«Бастауыш және жоғары сыныптарға арналған бөлек блоктар қарастырылған. Әр блоктың өз асханасы мен спорт залы болады. Мектеп ішінде оқулықтар мен жеке заттарды сақтауға арналған жеке шкафтар орнатылады. Осылайша оқушылардың ауыр сөмкелерін біршама жеңілдетуге мүмкіндік туады», — деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысының айтуынша, сондай-ақ оқушыларға ыңғайлы болу үшін трансформер-парталар мен «ауызсу фонтандары» қойылады. Әр қабатта оқушыларға арналған тынығу алаңдары болады.

Премьер-Министр 2023-2025 жылдары елімізде 401 жайлы мектеп салу жоспарланып отырғанын айтты. Жалпы жобаны іске асыруға республикалық бюджеттен 2,6 трлн теңге бөлінді.

«Жобаны іске асыру балалардың жақсы білім алуы үшін қажетті жағдай жасауға мүмкіндік береді. Өңір әкімдері жыл соңына дейін жер учаскелерін бөліп, инженерлік коммуникацияларды жүргізу мәселесін мұқият ойластыруы қажет», — деді Әлихан Смайылов.

Тақырыпты қорытындылай келе, Үкімет басшысы Оқу-ағарту министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен және әкімдіктермен бірлесіп, жобадағы іс-шаралардың уақытылы орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

**ҚР ҮКІМЕТІ КӨШІ-ҚОН
САЯСАТЫНЫҢ 2023-2027
ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН МАҚҰЛДАДЫ**

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Қазақстан Республикасының Көші-қон саясатының 2023-2027 жылдарға арналған

тұжырымдамасының жобасы қаралды.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенованың хабарлауынша, «Ашық Қазақстан 500+» тұжырымдамасы елімізге білікті кадрлардың келуін ынталандыруға, шетелде жұмыс істейтін қазақстандықтардың құқығын қорғауға және өңірлер арасындағы демографиялық теңгерімсіздікті жоюға және жалпы көші-қон саясатын тиімді «жаңғыртуға» бағытталған.

Атап айтқанда, білім беру иммиграциясы шеңберінде он жылдық «Ғылыми-педагогикалық виза» берудің оңайлатылған тәртібін енгізу, ал бизнес-иммиграция аясында ел аумағында тұруға, бизнесін тіркеуге, мүлікке иелік етуге, қызметкерлер жалдауға, қаржы төлемдерін жүргізуге және олардың кәсіпкерлік қызметінен туындайтын басқа да операцияларды еркін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін «инвесторлық виза» беру көзделіп отыр.

Сонымен қатар елімізге тапшы мамандықтар бойынша шетелден үздік мамандарды тарту, сондай-ақ елге келетін қандастардың көші-қонын реттеу тетіктерін жетілдіру жөніндегі шаралар қарастырылған.

Осы тақырып бойынша ішкі істер министрі Марат Ахметжанов та баяндама жасады. Премьер-Министр Тұжырымдаманың көші-қон процестерін барынша тиімді реттеу үшін әзірленгенін атап өтті. Құжатта демографиялық, экономикалық және әлеуметтік-мәдени басымдықтардың барлығы ескерілген.

Қазақстан экономикасына жоғары білікті мамандарды, инвестиция, озық технологияларды тарту үшін тұжырымдама жобасында визалардың жаңа түрлерін енгізу көзделіп отыр. Ондай визалар жетекші ғалымдарға, оқытушыларға, шығармашылық және біздің нарықта аса қажет мамандық иелеріне беріледі.

Әлеуетті инвесторларға қойылатын талаптар да қайта қаралды. Ірі инвесторларға 10 жыл мерзімге тұруға рұқсаты бар инвесторлық визалар беріледі. Сондай-ақ азаматтарды еңбек күші жетпейтін өңірлерге көшіп баруын ынталандыру да тұжырымдаманың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл ретте көшіп барғандарды баспанамен, әлеуметтік инфрақұрылыммен және жұмыспен қамтамасыз ету алдын ала пысықталатын болады.

Тағы бір маңызды мәселе – ол шетелде жұмыс істейтін қазақстандықтардың құқықтарын қорғау.

«Біздің отандастарымызға заңгерлік және консультациялық көмек көрсетілетін болады. Ол үшін қазақстандық азаматтар көп жұмыс істейтін елдермен екіжақты келісімдер жасалатын болады. Қай елде еңбек етсе де, біз өз азаматтарымызды қорғай алуымыз керек», — деді Премьер-Министр.

Оның айтуынша, Тұжырымдамада «бір терезе» қағидаты бойынша мигранттардың қозғалысын есепке алудың бірыңғай ақпараттық жүйесін құру көзделген.

Ұсынылған Тұжырымдаманы бекіту бойынша дауыс беру рәсімінен кейін Әлихан Смайылов Тұжырымдамадағы бастамаларды заң жүзінде уақытылы бекітуді қамтамасыз етуді және көші-қон процестерін автоматтандыру үшін ақпараттық жүйелерді дамыту шараларын қабылдауды тапсырды.

Сонымен қатар Премьер-Министр өңір әкімдіктері шетелдік мамандарды тарту үшін квота белгілеу кезінде сол өңірге ең қажетті кадрлардың келуін қамтамасыз етуі және олардың жұмысына бақылауды күшейтуі тиіс екенін атап өтті.

СТАРТ ПРОЕКТА!



Казахстан – страна семейных ценностей. Древняя казахская мудрость гласит: «Государство - это большая семья, а семья - это маленькое государство, и держится оно на любви» и именно в ней, человек черпает творческие и духовные силы, ощущает счастье материнства и отцовства. У нашего народа семья всегда была главной его духовной опорой, хранительницей человеческих ценностей, культуры.

В условиях постоянно меняющегося мира институт семьи переживает кризис, столкнувшись с вызовами глобализации. Из-за этого стали меняться брачно-семейные отношения, роли мужчин и женщин в семье, в целом, совокупность всех семейных ценностей. В связи с этим в Ескельдинском районе Общественное Объединение «Амелия» совместно с ГУ «Отдел внутренней политики, культуры, развития языков и спорта Ескельдинского района» и ГУ «Отдел образования по Ескельдинскому району Управления Образования области Жетісу» начали реализовывать проект: «Мероприятия, направленные на укрепление института семьи, продвижение семейных ценностей, укрепление репродуктивного здоровья, а также на продвижение гендерного равенства».

Цель: способствовать пропаганде и укреплению института семьи, семейных ценностей в нравственно-духовном развитии, укреплению репродуктивного здоровья, и продвижение гендерного равенства среди населения Ескельдинского района.

В рамках проекта будут организованы и проведены мероприятия с участием более 500 человек среди учащихся, студентов, сельских жителей, представителей государственных учреждений и СМИ.

В ходе реализации проекта планируется провести следующие мероприятия: двенадцать семинаров на тему: «Укрепление института семьи, продвижение семейных ценностей, укрепление репродуктивного здоровья. Профилактика ИППП, профилактика ВИЧ-инфекции», акция на тему: «Профилактика и снижение численности ранних абортов, нежелательной беременности, распространения ИППП, безопасности материнства и детства», кабинет психолога на тему: «Профилактика и снижение уровня разводов среди молодых семей», флешмоб на тему: «Продвижение семейных ценностей».

Старт проекта начался с проведения двух семинаров в школах им.Алдабергенова и им.Титова.

Юлия ЕГОРОВА

ВОЗМОЖНО ИЛИ НЕВОЗМОЖНО ПРОТИВОСТОЯТЬ КОРРУПЦИИ



23 ноября в рамках реализации проекта: «Организация и проведение мероприятий в целях повышения правовой культуры среди населения и молодежи Ескельдинского района, профилактики коррупции и правонарушений в обществе, формирования «нулевой» терпимости к правонарушениям» Общественное Объединение «Амелия» совместно с ГУ «Отдел внутренней политики, культуры, развития языков и спорта Ескельдинского района области Жетісу» и ГУ «Отдел образования

району Управления Образования области Жетісу» в средней школе им.Абая организовали и провели дебаты на тему: «Возможно или невозможно противостоять коррупции?». В дебатах участвовали учащиеся из разных школ Ескельдинского района. Все участники проявили высокую эрудицию и грамотно излагали свои аргументы. Проведение дебатов направлено на активизацию гражданской позиции молодежи в борьбе с коррупцией, развитие чувства ответственности за установления порядка в своем отечестве. В дебатах участники

затронули такие вопросы: «Как противостоять коррупции?», «Каковы действенные механизмы борьбы с коррупцией?», «Как коррупция влияет на развитие всего нашего общества?», «Как коррупция тормозит социально-политические процессы в стране» и другие. Правовое воспитание молодежи направлено на долгосрочную перспективу и в конечном итоге дает большие позитивные результаты в процессе противодействия коррупции. Завершились дебаты награждением учащихся грамотами и памятными подарками.

Юлия ЕГОРОВА

ТЕҢ МҮМКІНДІКТІ БОЛАШАҚ



22.11.2022ж. Ескелді аудандық «Демеу» мүгедектер қоғамдық бірлестігі «AMANAT» партиясы Ескелді аудандық филиалының конференциялық залында «Тең мүмкіндікті болашақ» тақырыбы аясында семинар өткізді. Ментальды, жеңіл, орташа, ауыр және терең ақыл-ой кемістігі бар мүгедектігі бар адамдардың ата-аналары мен қамқоршылары. Семинар барысында Ескелді аудандық «Демеу» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ұзақбаев Ахат Сатыбалдыұлының, Ескелді аудандық «Демеу» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің күндізгі орталығының меңгерушісінің және Ескелді аудандық «Демеу» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің заңгерінің баяндамалары тыңдалды.

Семинар барысында ата-аналар мен қамқоршылар: ментальды, ақыл-ой кемістігі бар мүгедектігі бар адамдардың жұмыс істеп, еңбек ету мәселесін басты

назарға алуларын өтінді. Күндізгі орталық алғаш ашылып, жұмысын бастаған кезде Ескелді аудандық «Демеу» мүгедектер қоғамдық бірлестігі мемлекеттік сатып алу порталы арқылы атқарылған жұмыстарға күндізгі орталықтың қызмет алушыларын еңбекке баулу мақсатында тігін цехінің, жиһаз цехінің, типография цехінің көгалдандыру жұмыстарына үйреткендері үшін шексіз риза болғандықтарын жеткізді. Алайда, мемлекеттік сатып алу порталына көптеген шектеулер мен өзгертулер енгізіліп, жұмыстар тоқтап, Ескелді аудандық «Демеу» мүгедектер қоғамдық бірлестігі мемлекеттік сатып алу бойынша бөлсенділігі төмендеп, тиісінше күндізгі орталықтың қызмет алушылары да үйренген жұмыстарынан шеттетіліп қалды. Осыған байланысты ментальды, жеңіл, орташа, ауыр және терең ақыл-ой кемістігі бар мүгедектігі бар адамдардың ата-аналары мен қамқоршылары жоғарыда аталған жұмыстарды тоқтатпай ары қарай жалғастыру үшін жергілікті биліктен атсалысуларын өтінді. Сонымен қатар, үкімет тарапынан ментальды, жеңіл және орташа ақыл-

-ой кемістігі бар мүгедектігі бар адамдарға санаторлы-курорттық ем қабылдау құқығы берілмегендігіне наразылықтарын білдірді. Тағы бір өзекті мәселе ретінде, Ескелді аудандық «Демеу» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің күндізгі орталығының ментальды, ақыл-ой кемістігі бар мүгедектігі бар ауданымыздың басқа ауыл аймақтарында тұратын қызмет алушылары орталыққа қауіпсіз, кедергісіз келіп кету мақсатында қолданылатын, күндізгі орталыққа жеке көліктің бөлінгендігін сұрайтындарын мәлімдеді. Қорытынды бөлімінде ментальды, орташа, ауыр және терең ақыл-ой кемістігі бар мүгедектігі бар адамдардың ата-аналары мен қамқоршылардың аталған мәселелері мен ұсыныстары талқыланып, өз тараптарынан Ескелді аудандық «Демеу» мүгедектер қоғамдық бірлестігіне үлкен үміт артатындарын жеткізіп, атқарып жүрген жұмыстарына алғыс білдірумен аяқталды.

Ардақ МУХТАРОВА, Ескелді аудандық «Демеу» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің заңгері

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДАҒЫ КІТАПХАНАНЫҢ РӨЛІ

Тәуелсіз Қазақстанның келешегі жас ұрпақты тәрбиелеп отырған мектеп дейтін болсақ, сол мектепте орналасқан кітапхана осы міндетті бірге атқарады. «Кітап - білім бұлағы, білім - өмір шырағы» бұл сөзде оқуға көп көңіл бөлуің маңыздылығы айтылады. Кітап - біздің рухани құндылығымыз, теңдесіз байлығымыз. Өйткені замандардың тұңғыш тереңінен сыр шертетін тіршілігіне жан беретін, ұлттық құндылықтар мен оқырмандар арасын жалғастырушы - кітапханашылар.

Кітапханашы өзі оқып-білген жаңалықтың бәрін оқушыларға сол қалпында жеткізуші міндетін атқарады. Мектеп партасында отырған оқушыларды рухани байыту-кітапхананың төл ісі. Сондықтан біздің кітапхана өзіне мынадай міндеттер қабылдайды:

1. Өз бетімен кітап оқуға баулу;
2. Сөздік қорын молайту;
3. Жан-жақты дамыған баланы тәрбиелеуге ат салыстыру;
4. Оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге, оқу деңгейін көтеруге жәрдемдесу;
5. Мектептің педагог қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін көтеруге көмектесу;
6. кітаппен және кітапханалық анықтама, библиографиялық әдебиеттермен жұмыс істей білуге дағдыландыру.

Әр кітап өзінше бір құпия. Еліміздің баспаларынан жыл сайын бірнеше миллиондаған кітаптар басылып шығады. Оқушыларды сауаттылыққа баулу кітапханашы оқушылармен тығыз байланыста болып, олардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында кітапханада кездесу кештері, тақырыптық кештер, сайыстар, оқу конференцияларын өткізуге болады. Оқушыларды сауаттылыққа баулу оқу конференциясының ролі ерекше. Оқу конференциясының мақсаты: оқушыларды кітап оқуға қызықтыру, оқыған кітабы жайлы ой-толғаныс жасау, оқушыларды шығармашылықпен ізденуге үйретіп отырып, ой-қимылын дамыту, таным қабілеттерін арттырып, дүниетанымын кеңейту, шығарма-дағы қойылған проблеманың шешімін өзі табуы, ізденуі білімнің

санаға сіңіп, ұғым түсінікке ынтық болуына, оқығанды көңілге ықыласпен тоқудың арнасы ашылады. Осындай шаралар арқылы кітап құмарлыққа, сауаттылыққа, дүниетанымын кеңейтуге, сөздік қорын молайтуға ықпал ету.

Атаулы күндерге байланысты жазушыларға арнап көрме ұйымдастырып, оларға библиографиялық шолулар жасап отыру әр кітапханашының міндеті.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай сауаттылыққа баулу да әр түрлі болады. Мысалы оларға жеке-жеке тапсырма беріп, көлемі шағын шығарма-ларды бірлесіп оқуды ұйымдастыру, дауыстап оқу, кітап туралы әңгіме өткізу, мұндай жұмыстар көбінесе 5-8 сынып оқушыларымен өткізіледі. Ал әдеби кеш пен оқу конференциясын 9-11 сыныптармен ұйымдастырған тиімді.

Жеке жұмыс түрі ретінде әңгімелерді ұсынылатын кітап туралы, оқыған кітап туралы, кітапхана және оның ақпарат қоры туралы деп қарастыруға болады.

1. Кітапханаға жазу барысындағы әңгіме – кітапханашы кітапхана пайдалану ережесімен таныстыра отырып, оның мүмкіндіктері жайлы әңгімелейді және оқырман туралы жұмысына қажетті мәліметтерді алады. Бұл мәліметтер кітапхананың жаңа оқырманымен жұмыстың жалпы бағыттарын, стратегиясын анықтауға әрі оқушының оқу мәдениетінің деңгейін білуге көмектеседі.
2. Кітапты беру кезіндегі ұсыныс әңгіме. Әңгімені өткізу барысында кітапханашы кітаптың мазмұнын, оқушының оқырмандық деңгейін, оның қызығушылығы мен сұраныс сипатын ескеруі тиіс. Ұсынылатын әдебиеттердің көлемі, кітапханашы мен оқырман арасындағы қатынастың демократиялығы кітапханашыдан таңдауға тек бірнеше кітапты ұсынуды ғана емес, сонымен бірге оқырманның осы әдебиеттердің дұрыс іріктелгендігіне көзін жеткізуді талап етеді.

Кітапханашы оқырманның негізгі сұранысына сай, сонымен қатар жаңа ақпаратты қамтитын немесе басқа жанрда жазылған кітаптарды да ұсынады.

Қорыта айтқанда, өмірде бар нәрсе өзгереді, тек кітапхана халық қажетіне жарап, ғасырлар бойы жасамақ. Осы құндылығымыз ешқашан жоғалмай, келешек ұрпақ осы асыл қазынамыздан нәр алып, сусындай берсін!

Р.ДОСПАЕВА, Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп-гимназиясының кітапханашысы

ТУҒАН ТІЛІМ – ТІРЛІГІМНІҢ АЙҒАҒЫ



Ана тілің – арың бұл, Ұятың бол тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте. Қадыр Мырза Әлі

Қараша айының 22-23 аралығында Жетісу облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Тіл үйретудің заманауи әдіс-

-тәсілдері» атты аймақтық іс-тәжірибе алмасу семинары өтті. Семинарға «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының басшылары мен оқытушылары, мектеп мұғалімдері қатысты. Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Қызылорда облыстарынан арнайы қонақтар келді. Семинар барысында мемлекеттік тілді үйретудің әдіс-тәсілдері, мемлекеттік тілдің бүгінгі мен

болашағы жайлы баяндамалар оқылып, әр орталықтың өнімдері, әдістемелік құралдары көрмеге қойылды. Мемлекеттік тілді оқытудың заманауи әдіс-тәсілдеріне байланысты әр түрлі тақырыпта ашық сабақтар өткізілді. Екі күнге созылған семинар осы уақытқа дейін мемлекеттік тілді оқыту барысында жасалған іс-шаралардың қорытындысы, алда жасалуы тиіс әрекеттер тізбегінің көрсеткіші болды. «Мемлекеттік тілді білу Қазақстанның әр азаматының парызы» деп президентіміз Қ.Тоқаев айтқандай, тілді білу, оның дамуына үлес қосу – әрбір Қазақстандықтың міндеті.

А. НҰРБЕК, Жетісу облысының «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының Ескелді аудандық филиалының меңгерушісі

ЗАВЕРШЕНИЕ ПРОЕКТА



С октября по ноябрь 2022 года Общественным Объединением «Амелия» совместно с ГУ «Отдел внутренней политики, культуры, развития языков и спорта Ескельдинского района области Жетісу» и ГУ «Отдел образования по Ескельдинскому району Управления Образования области Жетісу» был реализован проект: «Организация и проведение мероприятий, в целях повышения правовой культуры среди населения и молодежи Ескельдинского района, профилактики коррупции и правонарушений в обществе, формирования «нулевой» терпимости к правонарушениям».

Целью данного проекта стало: всестороннее разъяснение фундаментальных направлений

Концепции антикоррупционной политики Республики Казахстан на 2022-2026 годы, повышение правосознания и правовой культуры граждан Ескельдинского района, формирование у населения принципа «нулевой терпимости» к проявлениям бытовой коррупции и правонарушениям.

В рамках проекта были проведены следующие мероприятия: два круглых стола, конкурс рисунков, воркшоп для молодых специалистов, акция, дебаты и пять семинаров. Было охвачено более 500 человек среди учащихся, молодых специалистов, представителей государственных учреждений и СМИ.

Проведенные мероприятия способствовали решению поставленных задач и достижения наметченной цели.

Юлия ЕГОРОВА

